

## Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 18 қарашадағы № 899 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылды 14 желтоқсанда № 8962 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 22 қаңтардағы № 42 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 22.01.2018 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**Р Қ А О - ның ескертпесі !**

**Осы бұйрық қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.**

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінде Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік саясат департаменті (Қ.Б. Елеусізова):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында ресми жариялауды және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы "Әділет" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға көшірмелерін жіберуді;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бес жұмыс қүні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жіберу туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің жауапты хатшысы Ж.М. Қасымбекке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2013 жылдың 25 қарашасынан бастап туындаған қатынастарға қолданылады

Министр

А. Жұмагалиев

Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникация  
министрлігі  
2013 жылғы 18 қарашадағы  
№ 899 бұйрығымен бекітілді

## **Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі жүзеге асыратын міндеттерді орындауға қажетті және жеткілікті дербес деректер тізбесі**

1. Тегі
2. Аты
3. Өкесінің аты (болған жағдайда)
4. Тегі мен атының транскрипциясы
5. Туу туралы мәліметтер:  
туған қүні, айы, жылы  
туған жері
6. Ұлты
7. Жынысы
8. Отбасылық жағдайы
9. Азаматтығы туралы мәліметтер:  
азаматтығы (бұрынғы азаматтығы)  
басқа мемлекеттің азаматтығы (болған жағдайда)  
Қазақстан Республикасы азаматтығын алған қуні  
Қазақстан Республикасы азаматтығын жоғалтқан қуні
10. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)
11. Тенізшінің жеке сәйкестендіру нөмірі
12. Портреттік бейнесі (цифранған фотосуреті)

13. Қолы

14. Заңды мекен-жайы, заңды мекен-жайын тіркеген  
(тіркеуден шығарған) күні

15. Жеке басын қуәландыратын құжаттың деректері:  
құжаттың атауы  
құжаттың нөмірі  
құжатты берген күні  
құжаттың қолданылу мерзімі  
құжатты берген орган

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК